

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясының «Балалардың қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтың алдын алу: мектеп пен отбасының бірлескен жауапкершілігі» тақырыбында жиналысы

Хаттама №6

Күні: 17.04.2026ж.
Уақыты: 17.00-18.00
Өткізілу орны: кітапхана
Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналар комитеттері, сынып жетекшілері, Сарыарқа ауданы ІІБ олиция қызметкерлері

Мақсаты: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы түсіндірме жұмысын жүргізу

Күн тәртібінде:

- 1.Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері-** Астана қаласы Сарыарқа ауданы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімінің инспекторы, полиция майоры Гульнур Тажиханова
- 2. Мектеп аумағына тыйым салынған заттарды алып келудің алдын алу-** Кенжеболат Каппасович Сулекеев директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- 3.Оқушылардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру-** Дүйсебаева Жанар Құдабайқызы Педагог-психолог

Тыңдалды:

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сулекеев К.К сөз алды: ата-аналар комитеттеріне жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. Астана қаласының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 14.04.2026 жылғы №541 хаты негізінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы түсіндірме жұмысын жүргізу жайында таныстырылды.

Жиналыстың тақырыбы: «Балалардың қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын алу: мектеп пен отбасының бірлескен жауапкершілігі» жасөспірімдер арасында кездесетін құқық бұзушылыққа бейім оқушыларға алдын алу жұмыстары мектепте жоспарлы түрде және Сарыарқа ауданы Ішкі Істер басқармасы бөлімінің полиция қызметкерлерімен ай сайын 5-11 сынып оқушыларына дәрістер жүргізіледі.

1.Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері- Бұл бағытта Астана қаласы Сарыарқа ауданы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімінің инспекторы, полиция майоры Гульнур Тажиханова сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасындағы тәртіп мәселелері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

2.Мектеп аумағына тыйым салынған заттарды алып келудің алдын алу
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кенжеболат Каппасович Сулекеев оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бақылауды күшейту қажеттігін атап өтті.

3.Оқушылардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру- Педагог-психолог Жанар Құдабайқызы Дүйсебаева балалардың психологиялық қауіпсіздігі, дұрыс мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру жолдары туралы баяндама жасады.

Жиналыс барысында ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Қаралған мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мектеп пен ата-ана арасындағы бірлескен жұмыстың маңыздылығы атап өтілді.

- Ата-аналар тарапынан балалардың қауіпсіздігі мен құқық бұзушылық жағдайының алдын алу туралы отбасы тәрбиесінде айтылып, балаларды қадағалау жағынан жауаптылық танытатынын Ж. Ахметова, А. Бұлақбай, Ғ. Үрметовалар өз пікірлерін білдірді.

Шешім:

1. Құқық бұзушылық жағдайының алдын алу туралы ата-аналар комитеттері және сынып жетекшілері сыныптың ата-аналар жиналысында таныстыру.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау туралы ата-аналар мен сынып жетекшілер арасында тұрақты байланыс жүргізілу жайында тәрбие жұмысы орынбасары Сулекеев К.К. тәрбие жұмысын жетілдіру.



Хатшы: Товкумова А. С.